

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Қасымбекова
Анар Талғарбековнаның «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі
концептуалды ғалам бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына
ПІКІР

1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы

Қасымбекова А.Т. диссертациясы когнитивтік парадигма аясында концептуалды және контекстуалды талдау, сондай-ақ жұмыс авторының басшылыққа алған ғылыми бағытына толық сәйкес келетін бірқатар басқа да зерттемелік әдістерді пайдалану арқылы мәтіннің мән-мағыналық құрылымындағы концептуалды ғалам бейнесін репрезентациялау амал-тәсілдерін зерттеуге арналған. Аталған тілтанымдық мәселеге жүйелі ғылыми талдау барысында, яғни фольклорлық мәтінді зерттеуде лингвопрагматикалық, лингвомәдени және когнитивтік аспектілерді бір-бірімен үйлестіріп, ұтымды пайдалану нәтижесінде диссертант ертегі мәтінінің базалық болып саналатын, атап айтқанда – уақыт, кеңістік, сиқыр, сиқырлық, таңғажайыптық, кейіпкер т.б. концептілерін қарастырудың кешенді аналитикалық әдістемесін жасауға талпынған. Біздіңше, ең алдымен дәл осы жұмыстың интегративті сипаты, яғни бірнеше тілтанымдық аспектілерді сәйкестіндіріп, жоғары деңгейде қолдануы зерттеудің жаңалығын да, өзектілігін де көрсетеді.

Зерттеу қиял-ғажайып ертегіні зерттеудің лингвокогнитивтік ұстанымын айқындауға, ондағы сан алуан түрлі тілдік құраладардың лексика-семантикалық салғастырмалы жіктелімін әзерлеуге бағытталған. Ізденуші А.Т. Қасымбекованың «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі концептуалды ғалам бейнесі» атты диссертациялық жұмысы аталмыш уақыт талабына әбден сай келетін, өзекті мәселені зерттеуді мақсат еткен еңбек деп есептейміз. Докторант аталған диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілерді танымдық қызмет, олардың тіл мен ойлау, тіл мен сана қатынасындағы негізгі мән-мағыналары тұрғысынан зерттеуге тырысқан. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінде, тұжырымы мен қорытынды жасау барысында жүйелі түрде когнитивистика саласындағы лингвист ғалымдардың пікірлерін орынды пайдаланып, ғылыми жұмыстың жалпы талаптарының негізінде орындауға қол жеткізген. Зерттеушінің алға қойған ғылыми мақсаты практикалық талаптармен, сондай-ақ бүгінгі ғылым дамуымен орайлас туып отырған өзекті міндеттермен толық үндестікте оң шешімін тапқан.

2 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Диссертациялық жұмыста алынған жаңалық нәтижелерінің негізделуі мен дәйектелуі дұрыс, тұжырымдалған ой-пікірлер, түйіндер мен қорытындылар, ғылыми қағидалар негізді де дәлелді. Салғастырмалы тіл ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмаған күрделі де тың тақырыпты зерттеу барысында тың ойлар айтып, жаңа көзқараспен салмақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Жұмыс құрылымы жағынан алғанда, кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімі беріледі. Мақсаты айқын, тұжырымды қорытындылар жасай алған. Атап айтқанда, «Ертегілерді лингвомәдени және когнитивтік аспектіде зерттеудің теориялық алғышарттары» атты бірінші тарау төрт тараушадан тұрады. Мұнда «Ғаламның тілдік бейнесі» мен «Ғаламның концептуалды бейнесінің» арақатынасы теориялық тұрғыда негізделіп, қиял-ғажайып ертегілерінің концептуалды жүйесінің ерекшеліктері қарастырылып, қазақ және ағылшын ертегілерінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі сипатталған.

Келесі екінші тарау «Қиял-ғажайып ертегілер дискурсының когнитивтік құрылымдары» деп аталады. Бұл тарауда шетелдік және отандық когнитивист ғалымдардың зерттеулеріне қысқаша шолу жасалады, қиял-ғажайып ертегілерінің үстіңгі және терең құрылым ұғымдарының сипаты айқындалып, оларға синхронды және диахронды талдау жасалып, ертегілер дискурсындағы уақыт пен кеңістік концептілері жан-жақты қарастырылады.

Үшінші тарауда қазақ және ағылшын халық қиял-ғажайып ертегілері лингвомәдени аспектіде қарастырылып, нақты тілдік деректер негізінде ертегі кейіпкерлері есімдерінің, қиял-ғажайып ертегілеріндегі сан ұғымының мәдени маркер ретінде сипаты талданған. Айқын прецеденттік слоттық құраушылар ретінде қарастырылған ертегі кейіпкерлерінің есімдері мен сан категориясын талдау нәтижелері ғылыми жұмыстың құндылығын арттыра түседі.

Бүгінгі тіл білімі саласында ғылымдар тоғысындағы интеграция үдерісі нәтижесінде тілді антропоэзектік парадигма тұрғысынан, яғни тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастыру қолға алынуда. Ұсынылып отырған докторлық диссертация да бұл үдерістен тыс қалмай, тіл теориясындағы жаңа ағымдар тұрғысынан сөз қозғайды.

3 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Диссертацияның құрамы да, мазмұны да жақсы жазылған. Алдына қойған мақсаттарына жеткен, жұмысты меңгерген. Зерттеу жұмысы бойынша шетелдік және ресейлік, отандық зерттеушілер еңбектерін, ғылыми ресурстар мен халықаралық базадағы зерттеушілердің еңбектерін жеткілікті деңгейде, өз орнымен тиімді пайдалана білген. Әрбір теориялық тұжырымы, жасаған түйіні

нақты тілдік деректерге негізделген, жаңалық дәрежесі жоғары. Докторант зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

- қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесі концептуалдануының ұлттық ерекшеліктері айқындалып, адамның ақиқат болмысты игеру үдерісінде жинақтаған білімдері белгілі бір категорияларға жіктеліп, когнитивтік базаны құрайтыны сипатталып, ал адамның жинақтаған ақпаратын интерпретациялауы нәтижесінде ғаламның концептуалды бейнесі немесе концептосфера қалыптастырылатыны ақталған;

- ертегі дискурсының негізінде архетип, тілдің базалық деңгейі секілді адам тәжірибесінің бастапқы категориялануы, яғни қоршаған ортаны ойлау арқылы ерекше тіркеу түрлерін айқындайтын мазмұндық маңыз-мағыналар талдауға алынып, ұлттық сипат категориясы – елдің тарихи және мәдени дамуының ықпалымен қалыптасатын мінез-құлық ерекшеліктерінің, салт-дәстүр мен дүниетаным, көзқарастар жиынтығы ретінде танылған;

- ертегі кейіпкерлерінің қызметтері негізінде қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегілерінің үстіңгі құрылымдарындағы әмбебап сұлбасын айқындап, элементарлық сюжеттері мен олардың құрылымдарын белгіленген;

- қазақ және ағылшын ертегі дискурсының терең құрылымдарындағы сценарий, фрейм мен оның негізгі слоттары анықталған;

- басты кейіпкерлердің мақсаттары тұрғысынан терең құрылымдардың жоспарларын айқындап, маңызды мәдени маркерлер мен элементарлық сюжеттердің өзара әрекеттестігін синхрония мен диахрония аспектісінде қарастырылған.

4 Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, пайымдаулары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, дискурс теорияларының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелерді лингвокогнитивтік зерттеулер қорытындыларын айқындайды. Сондай-ақ, зерттеудің практикалық құндылығы ұлттық тілдік тұлғаны қалыптастыратын дереккөз ретінде лингвокогнитивтік минимумды айқындау сияқты диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерімен де байланысты.

Зерттеудің ғылыми-теориялық пайымдаулары мен нәтижелерін, тілдік материалдарын жоғары оқу орындарында тілдік тұлға теориясы, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным салалары бойынша өтілетін теориялық курстарда, практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Сондай-ақ диссертацияның нәтижелері, материалдары алдағы уақытта тілдік жүйе мен ойлау, таным мен тілдік сана, тіл және қоғам бойынша жазылатын оқулықтар мен оқу құралдарына негіз бола алады деп санаймыз.

5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Диссертацияның негізгі тұжырымдары, ғылыми нәтижелері мен түйіндері мақала түрінде ғылыми жинақтар мен республикалық басылымдарда жарияланып, халықаралық конференцияларда баяндалған, сонымен қатар

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланған.

6 Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер мен ескертпелер

Жұмыстың осындай жетістіктерімен қатар, мынандай ескертпелерді де атап өткенді жөн көрдік:

1. Зерттеу жұмысында жұмыс құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейтін стилистикалық, орфографиялық қателер бірен-саран болса да – кездеседі. Мысалы, кейбір сөйлемдері шұбалаңқы, берер ойы тісініксіз, айқын емес тұстарға жол берілген.

2. Кейбір тараулар мен тараушалардың мазмұны жалпылама шолуға арналғандығы байқалады.

Ұсыныстар:

3 Диссертациялық жұмыстың 35-40-90 бб. белгілі бір халықтың фантазиялық менталитет үрдісі (мифтер, аңыздар, ертегілер) арқылы айқындалатын фантазиялық концептілері жан-жақты талданған. Осы ретте, «фантазиялық концептілер» мен «ертегі концептілері» ұғымдары салыстырылып ажыратылып берілгені жұмыс құндылығын арттыра түсер еді;

4 Жұмыста, жалпы ертегілерге тән келетін кеңістік ұғымы өте жақсы талданған. Алайда, егер осы өз/өзге, бөтен кеңістік қарама-қарсылықтар төмендегідей антитезистер арқылы да салыстырылғанда аталған бинарлық оппозицияның мәні одан да тереңірек ашылған болар еді. Мысалы: өмір – өлім, жарық – қараңғы, алыс – жақын т.б.

Аталған ескертпелер жұмыстың құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері айқын, практикалық құндылығы жоғары. Ізденуші зерттеу жұмысында құнды нәтижелерге қол жеткізген.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Қасымбекова Анар Талғарбековнаның «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі концептуалды ғалам бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары теориялық деңгейде аяқталған, жаңа зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген, қазақ тіл білімінде ертегі дискурс мәселесін арнайы қарастырған, салғастырмалы когнитивтік лингвистика теориясына өзіндік үлес қосқан зерттеу, практикалық маңызы бар жұмыс деп есептейміз.

Диссертациялық жұмыс ғылыми деңгейде орындалған өзекті зерттеу болып табылады, «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен ережелерге толық жауап береді, ал диссертант Ph.D. докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Рецензент:

филология ғылымдарының
докторы, қауымдастырылған профессор
« 09 » желтоқсан 2020ж.



Қ.Ж.Айдарбек